



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIW DÍN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

**Карибаева Азиза Утегеновна,**  
ф.ғ.к. доцент,  
РАМның корр. мүшесі, профессоры  
Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз инновациялық  
институты, Қазақстан.

***Аңдатпа.** Бұл мақалада түркі тілдеріндегі терминдердің фонетикалық жүйесі салыстырмалы - тарихи әдіс арқылы зерттеліп, фонетикалық заңдылықтарға сәйкес қарастырылады.*

***Кілт сөздер:** фонетикалық жүйе, салыстырмалы – тарихи әдіс, дыбыстардың қосарлануы (геминация), дыбыстардың әлсізденуі, (редукция) сингармонизм.*

Қазіргі түркі тілдерінің алдында тұрған міндеттердің бірі – түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне, сөздік құрамына, грамматикалық құрылысына байланысты проблемаларды салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеп, олардың жалпы тектестігімен бірге кейбір даму заңдылықтарын айқындау. Түркі тілдерінің немесе бірнеше туыстас тілдердің фонетикалық заңдылықтарын қарастырғанымызда, дыбыстардың алмасуы, дыбыстардың түсіп қалуы, дыбыстардың қысқаруы, пайда болуы, дыбыстардың қосарлануы (геминация), дыбыстардың әлсізденуі (редукция) және сингармонизм заңдылықтарына негізделетінін байқаймыз. Мәселен, зерттеліп отырған түркі тілдері қазақ пен қарақалпақ тілі өзара туыстас, генеалогиялық жақтан бір-біріне жақын тілдер болса, ал өзбек тілі қазақ және қарақалпақ тілдеріне типологиялық жақтан туыстас түркі тілдерінің бірі болғандықтан, бұл тілдерді салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеудің маңызы зор.

Л.З.Будагов өзінің «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» деген еңбегінде туысқан түркі халықтарынан мәліметтер береді [1,179]. Сөздікте: түркі, алтай, қырғыз, қазақ, шағатай т.б. тілдермен түркі ғұламалары Науайы, Бабыр, Абулғазы Бахадурхан еңбектерінен материалдар алып салыстырған, демек, дүниежүзілік салыстырмалы-тарихи әдісті пайдаланған.

Түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеу М.Қашғаридан кейін кең өріс алды. Бұл П.М.Мелиоранский, В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов, К.Менгес, М.Рясянен, Г.Рамстедт т.б. түркологтардың еңбектерінде айқын көрініс тапты. Салыстырмалы-тарихи әдісті түркі тілдерінде қолдану нәтижесінде түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін жинақтап, талдап зерттеген



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

ғалымдар А.Т.Қайдаров, Р.Ғ.Сыздықова, Ә.Жүнісбеков, А.Нұрмаханова, М.Томанов т.б[2,17] еңбектерінен байқаймыз.

Дәстүрлі тіл біліміне қарағанда, салыстымалы-тарихи тіл білімінің негізгі ерекшелігі, оның тілдік құбылысты түсіндірме арқылы көрсете алатындығы, ол үшін салыстырмалы-тарихи тіл білімі «тарихи» себептілік қағидасына сүйене отырып, фонетикалық заңдылықтарды қолдана алады.

Академик В.В.Радлов түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін зерттеген фонетист-ғалым. Сондықтан, түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесінде барлық түркі тілдерінің фонетикалық жүйесін терең талдап берген[3,73].

Сондықтан қазіргі түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіндегі ұқсастық пен өзгешелік дәрежесі біркелкі емес. Бірқатарында көне түркілік қасиеті көбірек сақталған болса, басқалары көбірек өзгеріске ұшыраған.

Дегенмен, әрбір фонетикалық құбылыс белгілі бір заңдылықпен дамып отырады. Өйткені, әрбір тілдің даму процесі сол тілде сөйлейтін халықтың басып өткен тарихи кезеңдерімен байланысты.

Түркітанушы ғалым Е.И.Убрятованың пікірінше, «қырғыз тілі - өзінің фонетикалық және грамматикалық белгілері бойынша, Сібір түркі тілдері тобына жатады екен. Ал, түрколог- ғалым А.Нұрмахановтың пікірінше, тарихи деректерге қарағанда тек қырғыздарды алтайлармен тікелей туыстас, тектес деп басқа тілдерді олардан бөліп қарауға болмайды,- дейді[4,9].

Біздің пікірімізше,қазақ,қарақалпақ тілдерінің де алтай тілдеріне туыстығы бар. Өйткені, созылықты дауысты дыбыстардың қарақалпақ тіліндегі қолданысы, Сібір түркі тілдерінің фонетикалық заңдылықтарына сәйкес келеді.

Сондай-ақ, дауыстылардың құрамына үндестік заңы мен ерін үндестігі кіреді. Өзге түркі тілдеріне қарағанда, дауыстылардың кейбір өзгешеліктерді сақтап қалғандығы байқалады. Орта Азия тілдерінің ішінде қыпшақ тобына жататын түркі тілдерінің бірі – қарақалпақ тілінде созылықты дауысты дыбыстар аа, уу, ий, иу, ыу т.б. фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысында сақталған. Мәселен,

- аа: теннис сааты – теннис сағаты;
- уу: суу полюсы – су полюсы;
- ий: кий, оддий юрич;
- иу: тебиу – тебу, секириу – секиру;
- ыу: атыу – ату, жууырыу – жүгіру т.б.



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIVDIN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Қарақалпақ тілінің өзге түркі тілдерінен өзгешелігі алтай тіліндегі дауыстылардың Сібір түркі тілдеріндегі созылықы дауыстылардың қолданылуы мен сақталуы, қазіргі түркі әдеби тілдерінде өзгеріссіз қолданылады. Мәселен, жапон тіліндегі «вьязаари» термині созылықы а дыбысы арқылы қарақалпақ, өзбек тілдерінде кездеседі. Қазақ тілінде: вазари – жарты ұпай; вазари – авазета илген – қосымша жарты ұпай деп қолданылады [5,51]. Мысалы, Вяззаари дзюдо гүресінде ярым жеңис мағынасында қолданылады.

Зерттеліп отырған түркі тілдерінде, өзбек тілінде – хужум, қарақалпақ тілінде – хужим тұлғасында қолданылады. Бұл түркі тілдеріндегі ерекшелік фонетикалық заңдылықтарға сәйкес у-ү және у-и дыбыстарының алмасығы арқылы жасалғанын аңғартады. Мәселен, қарақалпақ тіліндегі бұл терминнің пайда болуына соңғы кездегі өзбек тілінің ықпалы болса керек. Мысалы, қарақалпақ тілінде: Буннан кейін аргентиналықтар албыраушылыққа берілмей, қайта хужимди күшейткен .

Аталған түркі тілдерін топтастырғанда олардың бір-біріне жақындық немесе қашықтық дәрежесін анықтауда, тілдегі фонетикалық құбылыстар есепке алынады. Өйткені, фонетикалық құбылыстар қай тілдің болса да лексикалық, грамматикалық салаларымен тығыз байланыста болып, сөздік пен грамматикалық құбылыс тілдің мазмұнын құрайды. Ал, дыбыстар сөз жасаудағы негізгі элемент болып қоймай, сол тілдегі бір сөзді екінші сөзден генетикалық байланыс арқылы, бір тілді екінші тілден ажырату үшін қызмет етеді. Мысалы, қазақ тілінде: Енді түптің-түбінде әділдік салтанат құрып, атақты палуанның болмашы өтініші орындалған сияқты.

Өзбекше: Нижний Тагилда ташкил этилган профессионал бокс кечасида эса узбекистонлик икки нафар *мохир боксчи* Шерзод Хусанов ва Ғайрат Абдухакимев рингка кутарилди[6,9].

Қазақша – атақты палуан, қарақалпақша – атақлы палуан, өзбекше – мохир полван. Мұнда палуан – палуан - полван терминдерінің арасында а-о алмасығы бар.

Е.Д.Поливановтың пікірінше, өзбектің ұлт тілі үш дербес диалектіден: шағатай, қыпшақ және оғыздардан құралған. Бұл пікірді Х.Данияров, А.К.Воровков, В.В.Решетов, У.Файзиеттің ғылыми зерттеулерінде дәлелденген. Ал, өзбек тілінде қыпшақ диалектісі елеулі орын алып, олардың қатарына «құрама» дейтін үлкен тайпа да кірген. Осындай тарихи жағдайларды есепке



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

алып, «үндестік заңының мүлдем жоғалып кетуі» - ойлағанда ақылға сыя бермейді,- дейді А.Нұрмаханов.

Көкпарда аттан жығылған, жығылып басы, қолы сынған (Ж.Молдағалиев). Қазақ тіліндегі «көкпар» сөзі екі сөзден құралған: көк + бөрі. «Бөрі» сөзі көптеген түркі тілдерінде «қасқыр» деген ұғымда жұмсалады. Бұл сөз алтай тілінде - бору, тува тілінде – бөру, татар, башқұрт, ұйғыр тілдерінде – бьори, бүрен, бөре болып айтылады. Бурят-монғол тілінде «буруу» деп бұзауды және әр түрлі тағы аңның жылға толмаған баласын айтады. «Көк» сөзі басқа түркі тілдеріндегідей қазақ тілінде де: 1) заттың түсі, аспан., 2) жас балауса шөп, жаңа шыққан жеміс-жидек, өрімдей жас,-деген мағынаны білдіреді.

Сөйтіп, «көкпар» «көк» және «бөрі» деген сөзден құралған. Бастапқы б дыбысының қатаңдап п – ға айналуына бірінші сөздегі қатаң к дыбысы әсер еткен. Екпін алдыңғы дауыстыға түсуіне байланысты бірінші дыбысы түсіп қалған. Алғашқы «қасқыр соғумен» байланысты шыққан «көкпар» сөзі кейін келе, ұлттық ойын түріне айналып, қасқыр емес, көкпарға тартатын лақ, ешкі сияқты малдардың төлі болған.

Қазан төңкерісіне дейінгі қарақалпақ ақындарының шығармаларында және ауызекі сөйлеу тілінде «көкмар» түрінде кездесе, ал қазақ әдеби тілінде «көкпар» тұлғасында кездеседі. Мысалы, қарақалпақша: Көкмар шабылды, той болды, Кәтқудаларға сый болды (Күнқожа), қазақша: Көкпарға тартар лақ емеспін,- деген мысалда да кездеседі. «Көкпар» терминінің негізі осы «көкбөрі» сөзінен келіп шықты деп айта аламыз.

Мұнда тек дыбыстардың ғана фонетикалық өзгеріске ұшырағаны көрініп тұр. Орталық Азия мен Қазақстанның кейбір аймақтарында «көкпар» ұлттық ойынының орнына «ылақ ойыны» деп қолданылып жүр.

С.Е.Малов түркі тілдерінің ескі жазба ескерткіштерін зерттей келіп, олардың тарихын, бір-бірімен қарым-қатынасын, фонетикалық өзгерістерін салыстыра отырып, шығыс түркі тілдерінің батыс түркі тілдеріне қарағанда ескі элементтерді көп сақтағандығын дәлелдейді. Түркі тілдеріндегі бұрынғы классификацияға қарағанда, С.Е.Малов көбінесе дыбыстардың өзгешелігін есепке алады. Түркі тілдеріндегі ұлттық мектептердің ашылуы, ұлттық баспасөздің дамуы, ұлттық оқулықтардың жазылуы - түркі тілдерінің дамуына белгілі дәрежеде оңтайлы жағдай туғызды [7,90].

Академик В.В.Радлов түркі тілдерінің өзгешелігін есепке алып өз классификациясында қазақ, қарақалпақ тілдерін батыс тобына, өзбек тілін –



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIW DÍN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Орта Азия тобына енгізеді. Онда В.В.Радлов бұл түркі тілдерінің этникалық жағын есепке алмай, тек фонетикалық өзгешелігіне қарай классификациялаған.

Профессор Н.А.Баскаков түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық өзгешелігіне қарай тіл материалдарын зерттей отырып оны тарихи жағдайлармен байланыстырады[8,49]. Соның нәтижесінде, барлық түркі тілдерін үлкен екі бөлікке, яғни батыс хұн және шығыс хұн, - деп бөледі.

Н.А.Баскаковтың бұл классификациясы түркі тілдерінің зерттелу тарихындағы ең соңғы және құнды классификация болып осы күнге дейін өз қасиетін жоғалтқан жоқ. Батыс ғұн бұтағына енетін түркі тілдерін 4 топқа жіктейді. Қыпшақ тілі соның ішінде үшінші топқа, ал қарлұқ тілі төртінші топқа енеді. Қыпшақ тобының өзін іштей үш топшаға бөліп қазақ, қарақалпақ тілдерін – қыпшақ-ноғай топшасына енгізсе, ал өзбек тілін қарлұқ тобының 4-ші топшасына енгізеді. Бұл классификация біз қарастырып отырған түркі тілдерінің өзгешелігін есепке ала отырып сондай-ақ, Орта Азия мен Қазақстан түркі халықтарының тарихына байланысты жасалған.

Түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін диахронды түрде зерттеу әлі де өз шешімін толық тапқан жоқ. Өйткені, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін салыстырмалы - тарихи әдіспен зерттеудің негізгі жолдарын көне түркі ғалымы Махмуд Қашғарий көрсетіп берген еді. Сонан соң XIX ғасырдың екінші жартысында В.В.Радлов, В.Томсен, О.Бётлинг дауысты дыбыстардың үндесуі жөнінде жаңалықтар ашқан болатын.

Сондықтан да, «Диуани Лұғат ат түрік» ортағасырлық түркі халықтары ой-санасының ғажайып ескерткіші біздің көшпенді бабаларымыздың мәдениетінің айғағы болып табылатын құнды қазына. М.Қашқари бірінші кезекте тілдің тазалығына мән беріп, фонетикалық, грамматикалық белгілерін салыстыра зерттеп бірінші рет түркі тілдерін классификациялады[9,19].

Түркі тілдерінің бірінде К дыбысынан басталса, екіншісінде Г дыбысынан басталады. Мысалы: қазақша: күрес; қарақалпақша: гүрес; өзбекше: кураш т.б.

В.В. Радлов Орта Азия тобы тілдерінің ерекшелігі ретінде тек бірінші буында ғана жуан еріндіктің кездесетінін көрсетеді және осы белгіні оңтүстік тобы тілдерінің айрықша белгісі етіп алады.

Қазақ тіліндегі ш>с өзгерісін қырғыз тіліндегі дауыстылардың жүйелі үндестігін (алтай тілімен жақындастыратын белгісін) өзбек тіліне тән дауыстылар үндестігінің бұзылуын алып қарауға болады.



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Кейбір сөздердің фонетикалық пішініне көз жүгіртсек, онда ғ дыбысы мен у дыбысының алмасуын байқаймыз. Мысалы, қазақта: ауыр атлет; қарақалпақта: ауыр атлет; өзбекте: оғир атлет.

Екі тілдің арасындағы дыбыстық араласуды, дыбыстық қатынасты диафоникалық қатынас, ал басқа дыбыс орнына жұмсалып тұрған ана тіліндегі дыбысты диафон деп атайды. Мысалы, араб тілінен енген сөздердегі қазақ тілінің әсерінен пайда болған диафондар -ә, ғ дыбыстары болса, мууалим – мұғалім, саат – сағат т.б.болып келеді.

Түркі тілдерінің туыстығын білдіретін фонетикалық заңдылықтарды анықтауда, дауыссыз дыбыстардың атқаратын қызметі ерекше. Сондықтан, оның ең басты ұқсастығы терминдердің жасалу жолдарына байланысты. Мәселен, и мен ж дыбыстарының алмасығы йа-жа, йай-жай сөздерінің құрылысында да көрінеді.

Сондай-ақ, өзбек тіліндегі у дыбысы бірнеше жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың қызметін атқарып, түркі тілдеріндегі терминдердің жасалуында өз үлесін қосты. Мәселен, өзбек тілінде: ун уқ, ун сойиш; қазақ тілінде: он оқ, он сайыс, қарақалпақ тілінде: он оқ, он жарыс т.б.Арғы төркіні бір кейбір сөздерге бір тілде ж дыбысынан басталу керек болса, екіншісінде, й дыбысынан басталуы тиісті болып келеді. Мысалы:

қазақша: жарыс, жүзу; қарақалпақша: жарыс, жүзиу; өзбекше: йарыш, йүзу т.б.түркі тілдерінің жеке салалары ерекше дами бастады. Мысалы, жаңа алфавиттің пайда болуына байланысты бұрын таңбаланған түркі тілдерінің дыбыстары жеке таңбалық белгілерге ие болып түркі тілдерінің дыбыстық жүйесі тәртіпке келтірілді[10,90].

Қорыта айтқанда, түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін зерттеу барысында, көптеген ғалымдардың, шетел ғалымдары мен өзіміздің отандық ғалымдардың және түркі тілі мамандарының ой-пікірлеріне қосыла отырып, түркі терминдерінің фонетикалық жүйесін жан-жақты талдадық.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Л.З.Будагов.Сравнительный словарь турецко-татарских наречий.-СПб., 1989,т.1. -89-119.
2. М. Томанов. Салыстымалы-тарихи тіл білімі. – А., 1997. -17.
3. В.В.Радлов. Опыт словаря тюркских наречий.-СПб,1905.- С.173.
4. Е.И.Убрятова.Задачи сравнительного изучения тюркских языков. Тюркологический сборник.-М.,1970,-78.



# «ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASÍDA ARALÍQTAN OQÍTÍWDÍN INTEGRACIYASÍ»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

5. А.Нұрмаханов. Түркі фразеологиясы.-А.,1998.-270.
6. А.У.Карибаева Русско-каракалпакский терминологический словарь по физкультуре и спорту.-Н.,1990.-116.
7. С.Е.Малов. Памятники древнетюркской письменности. – М.-Л.,1951.- С.108.
8. Н.А.Баскаков.Историко- типологическая морфология тюркских языков.- Москва,1979.
9. Қашғарий М. Түркий сузлар девони (Девону луғотит турк) – Ташкент,1960. I т.,1961. II т.,1963, III т.
10. А.У.Карибаева. Спортивная лексика каракалпакского языка. –Н.,1995,-104.

